

Қыркүйектің 5-і мұнайшылар мен газ өндірушілер күні

Қыркүйектің 5-і Қазақстанның барлық мұнайшылары мен газ өндірушілерінің кәсіби мерекесі. Мұнай мен газ Қазақстандағы шикізаттың негізгі түрі, ал оны өндіру Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңызды сала болып табылады. Мұнайгаз кешенінде жұмыс жасайтын адамға ерекше талап қойылады. Сондықтан мұнайшылар мен газ өндірушілердің ауыр еңбегі біздің елімізде қатты құрметтеледі. Мұнайшының еңбегі – ауыр еңбек, бұл дегеніңіз ашық далада аязды, боранды күндері бұрғылау мұнараларында жүру, жазда шыбын-шіркей мен масаға тезу.

КПО компаниясы ел экономикасына өздерінің қосып отырған үлестерін, сол сияқты Қарашығанақ кен орнындағы ерекше өндіріс нысандарының құрылысы саласындағы өз жетістіктерін мақтаныш етеді. Қарашығанақ бүгін Қазақстандағы ірі халықаралық инвестициялық жоба болып табылады. КПО-ның мұнайшылары өздерінің Қарашығанақта жұмыс жасайтындықтарын мақтан етеді. Осында жасайтын қазақстандықтардың ішінде өз жұмысын жақсы білетін және сүйетін мамандар көптеп саналады. Мұнда үлкен табысқа қол жеткізген, өздерінің тәжірибелерін жас әріптестеріне беруге ұмтылатын жоғары және орта буын

менеджерлері еңбек етеді.

Осындай айтулы күні Қарашығанақты алғашқы игеруші ардагерлердің есімдерін атап өткен жөн. Олар ең алдымен өндіріс жөнінде ойлады және тұрмыстық жағдайларының, еңбек етудің қарапайым жағдайларының туғызылмағанына қарамастан тамаша табыстарға жетті. Ол уақыттар естеліктерде аңыз боп қалды.

Мұнайгаз өндірісі – біздің еліміздің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін Қазақстан экономикасының ең маңызды салаларының бірі. Бұл сала Қазақстан бюджетінің табыс бөлігінің маңызды көздерінің бірі болып табылады. Қазақстан он жылдан астам уақыт бойы өзінің өлшеусіз табиғи байлығын, соның ішінде көмірсутегінің мол ресурсын өз бетімен игеріп келеді. Қазақстан мұнайының ғасырлық тарихы болса да, оның өркендеу жылдары Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін жүзеге асты.

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы еліміздің мұнайгаз өндіруші секторының өркендеуде ерекше орын алады және еліміздің экономикасының өркендеуіне қосып отырған үлесін, сол сияқты Қарашығанақ кен орнындағы ерекше өндіріс нысандарының



құрылысы саласындағы өз жетістіктерін мақтаныш етеді. Қарашығанақ еліміздің қуатты дамып келе жатқан мұнайгаз кешенінің бір бөлігі бола тұра, егемен Қазақстанның экономикасына зор үлес қосуды Қазақстандағы ірі халықаралық инвестициялық жоба болып табылады.

КПО компаниясының басшылығы мен «Новости Карачаганак» газетінің редакциясы КПО-ның барлық қызметкерлері

мен ардагерлерін Қазақстанның мұнай және газ өндірісі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күнімен құттықтайды.

Қарашығанақ кен орнында еңбектеніп жатқандардың барлығына, яғни көмірсутегі өндіріп, тасып, қайта өңдеп және оны өткізіп жатқандардың барлық істеріне табыстар, көп қуаныштар, таусылмас күш-жігер, денсаулық пен игілік тілейміз! Мерекелеріңізбен!

КПО кәсіпорнындағы жаңа ЭНИ өкілі



Өнімді бөлу жөніндегі түпкілікті келісім бойынша Массимо Мондацци мырза Қарашығанақ консорциумындағы ЭНИ компаниясының жаңа бас өкілі ретінде тағайындалды. Осы жылдың сәуір айынан бастап Мондацци мырза Орталық Азия, Қиыр Шығыс және Тынық мұхиты аймағындағы ЭНИ компаниясының атқарушы вице-президенті қызметінде Умберто Верджине мырзаның орнын басты.

Умберто Верджине Қарашығанақ консорциумына 2008 жылдың қазан айынан бастап жұмысқа қосылды және жобаға қосқан үлесі жоғары бағаланды. Верджине мырза ЭНИ корпорациясына Зерттеулер жүргізу бөлімінің Бас атқарушы вице-президенті қызметіне орналасты.

Мен Умбертоға КПО-ға сіңірген еңбегі үшін шексіз алғысымды білдіремін және жаңа жұмыс орнында табыстар тілеймін.

Осы жұмысқа кірісер алдында, Массимо Мондацци ЭНИ компаниясының Барлау және өндіру бөлімінің жоспарлау, жұмысты атқаруды басқару және инвестициялық портфельді оңтайландыру жөніндегі атқарушы вице-президент қызметін атқарып келді. Іскерлік экономика саласында білім алған Массимо кеңесшілік қызмет көрсету өрісінде және ЭНИ компаниясының Әкімшілік, қаржы және бақылау секторын басқаруда 15 жылдан астам уақытқа саятын мол тәжірибесі бар.

Массимоны жаңа қызметімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Біз оның КПО-ға көрсетер қолдауы мен басшылығын асыға күтудеміз.

Джузеппе Паззи, КПО бас директоры.

КПО сыйлаған автокөліктер

Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысында КПО Б.В. компаниясы бірнеше жыл қатарынан демеушілік көмек көрсетіп келеді. Аталмыш компанияның арқасында өңірде жаңа білім ошақтары мен балабақша бой көтеріп, көптеген нысандар күрделі жөндеуден өтті. Мәселен, қаржылай қолдауымен Қарашығанақ ауылындағы мектеп пен Березов ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда күрделі жөндеу жұмыстары жасалса, Успен селолық округінде техникалық су жүйесін қалпына келтіру компанияның әлеуметтік жоба арқасында жасақталуда.

Сонымен қатар КПО жыл сайын 1 қыркүйек - білім күні қарсаңында болашақ азаматтарды тәрбиелейтін білім ошақтарына сыйлық жасауды дәстүрге айналдырып отыр. Биыл да игі дәстүр жалғасын тапқан болатын. Жақында Конституция күні қарсаңында аудандық әкімдік аумағында салтанатты шара болып өтті. Ол - жаңа мектептен бөлек компания әлеуметтік жоба есебінен Березов, Успен, Қарасу, Приурал және Бөрлі ауданы мектеп-интернатына жалпы жиынтығы 6 автобус сыйға тартты. Шара барысында аталған білім ошақтарының басшыларына ПА3 және ГАЗель маркалы көліктердің кілттерін салтанатты түрде табыс етілді.

Қуанышты мерекке құттықтауға КПО Б.В. компаниясының корпоративтік басқарма департаментінің бақылаушысы Боб Стивенс, маркетинг бойынша директоры Фабио Димайо, сондай-ақ қоғаммен байланыс және ауылдармен жұмыс



бөлімінің өкілдері Зулфия Музафарова, Сергей Пушкарев, Мерекке Құрманғалилар арнайы келген болатын.

Компания басшылығына шын жүректен алғыс айтқан Қызылтал жалпы білім беретін орта мектебінің директоры М.М. Сиражева сөз сөйледі. Мариям Мұтиголлақызының айтуынша, айтулы күнді ұстаздар қауымы асыға күткен еді. Бұл күні білім ошағына өз алдына бөлек берілген көліктер көптеген күрмеуі қиын мәселелердің шешімін табуға көмектесетіні анық. Себебі, осы кезге дейін мектепте оқушыларды өртүрлі шараға аудан орталығына апаратын автокөлік жайы қиынға соққан еді. Енді ауылдағы мектептің шәкірттері аудандық, соның ішінде облыстық деңгейде өтетін өртүрлі спорттық шараларға белсенді қатыса алатын болады. Ұстаздың сөзінше, енді мектептің жеке көлігі пайда болды. Осылайша КПО Б.В. компаниясының көмегімен ауданда жасалып жатқан игі істер аз емес.



Кен орнына саяхат

КПО компаниясының Ақсай қаласындағы өндіріс аймақтарында жұмыс жасайтын өртүрлі департаменттердің кейбір өкілдерінің Қарашығанақ кен орнында бірде-бір рет болмағандары бар. Осы оқпалықтың орнын толтыру үшін 2009 жылдың қазан айынан бастап, КПО компаниясының тұрақты даму департаменті және өндіру мен техникалық қызмет көрсету бөлімдерінің бастамасы бойынша КПО қызметкерлері үшін компанияның қызметімен танысысқы келетіндерге арнап, ал ең бастысы барлық өндірістік нысандарды өз көздерімен көру үшін Қарашығанақ кен орнымен таныстыру саяхатын ұйымдастыруда. Кен орнына саяхатқа бару үшін техника қауіпсіздігі бойынша арнайы нұсқаулықтан өтуің ке-

рек және Қарашығанақ жобасы бойынша жалпылама таныстыруды тыңдауың қажет. Осындай қажетті процедурадан кейін ғана автобуспен Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінен бастап, ГП-2, ГП-3 және тағы бірнеше кен орны аумағында орналасқан өндірістік ұңғымалардың алаңдарына тоқтай отырып, саяхат жасайды. Автобуста саяхатшылармен бірге КПО-да қызмет жасайтын жолбасшы болады. Сол жолбасшы кез-келген өндірістік нысан туралы немесе басқа да қызығушылық тудыруға сұраққа жауап беретін болады.

Осы кен орнына саяхат практикаға енгелі КПО қызметкерлері көлемі жағынан орасан зор Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік нысандар жүзеге асырып жатқан бүкіл күрделі технологиялық процестерді жақырақ түсінетін болды.

Мұндай саяхаттар КПО қызметкерлері арасына, әсіресе, студент-практиканттар арасына кең тарап отыр.

Жергілікті тұрғындармен жұмыс

КПО компаниясы өндірістік нысандарға жақын жерде тұратын жергілікті халыққа жақсы көрші болуды және жергілікті биліктің өз аумағын әлеуметтік-экономикалық жағынан табысты дамыту ісіне қолдау көрсетуді міндетіне алады. Сондықтан компания өз қызметінен болатын зардаптың алдын алуға және болдырмауға, жергілікті қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен өзара тиімді әрі жылы қарым-қатынасты қолдауға, сол сияқты жергілікті тұрғындар үшін көптеген артықшылықтар жасауға тырысады.

Компанияның өткізетін стратегиялық іс-шаралар шеңбері 2008 жылы қабылданған Халықаралық қаржылық корпорациясы қызметі стандарттарына сәйкес КПО саясаты мен әлеуметтік қызметтің стандарттарымен, технологиялық нұсқаулармен анықталады. Әлеуметтік жұмыста компания жергілікті халықтың мүдделерін түгелдей қамтуға тырысқанмен, КПО-ның технологиялық нысандары мен учаскелеріне жақын орналасқан аудандарға ерекше көңіл бөлінеді. Қарашығанақ кен орнының айналасында орналасқан 8 елді мекен КПО-ның ең жақын көршілері болып табылады, онда шамамен 5,5 мыңдай адам тұрады. Келесі кезекте Ақсай қаласы, КПО қызметкерлерінің көпшілігі осы қалада тұрады және компанияның әкімшілік кеңсесі де осында. Ақсайда 35 000-ға жақын адам тұрады, бұл Бөрлі ауданының орталығы.

Осы елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсы түсіну үшін КПО «Әлеуметтік базалық деңгейдің бағалануын» дайындады. Бұл деңгейіңіз басты ақпарат жеткізушілермен болған жеке интервьюлердің нәтижелері бойынша, сол сияқты ұжымдық талқылаулар нәтижесінде алынған мәліметтер. Жүргізілген Бағалаудың нәтижелері 2009 жылы жазда өткізілген жергілікті мүдделі қоғамдық ұйым өкілдерімен бірлескен кездесулерде талқыланп, келісілді. Осы Бағалаудың негізінде КПО мақсатты ақпараттар пакетін жасақтады, КПО жергілікті халықпен, қоғамдық ұйымдармен осының көмегіне сүйеніп, жұмыс жасай алады.

2009 жылы КПО Әлеуметтік базалық деңгейді Бағалауда белгіленген кейбір мәселелерді шешуге бағытталған бастамаларды талқылау үшін мүдделі жақтармен кеңесуді бастаған еді. Бұл бастамалардың көпшілігі 2010 жылы жүзеге асырылады, ол туралы компания өзінің жыл сайынғы 2010 жылғы тұрақты даму туралы есебінде мәлімдейтін болады.

Кеңес өткізу КПО-ның әлеуметтік саладағы қызметі үшін тірек іргетасы болып табылады. Бұл үшін кеңестік орындардың жиналыстарынан (Консультативтік кеңестер) бастап, қоғамдық тыңдаулар мен жергілікті билік орындарының, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да негізгі ақпарат көздері өкілдерімен кездесулер сияқты әртүрлі механизмдер пайдаланылады.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан 4 селолық округте Консультативтік кеңес құрылып, жұмыс жасайды. Олар өндіріс орнына жақын 8 елді мекенді қамтиды. Бұл Консультативтік кеңестер 2005 жылы Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес құрылған еді. Бұл кеңеске поселкенің сыйлы адамдары, жергілікті басқару орнының өкілдері мен КПО-ның мамандары кіреді. Олар ортақ проблемаларды талқылау мен шешу үшін үнемі кездесіп тұрады. Бұдан басқа мұндай кездесулерде жергілікті тұрғындар КПО-ның ағымдағы және жоспардағы қызметінен үнемі ақпарат ала алады. Сол сияқты поселкелік кеңестер КПО-ға осы аймаққа әлеуметтік инвестиция жасаудағы бағытын анықтауға көмектеседі. Мұндай диалог тыңдаған проблемаларды уақытында шешіп, мүмкіндіктерді дамыту бағытында компания үшін де, көршілес селолар үшін де пайдалы.

2009 жылы Консультативтік кеңестер жалпы алғанда 22 рет кездесу өткізілді. Консультативтік кеңестер ортақ тақырыптардан басқа, Қарашығанақ кен орны мен оған жақын орналасқан жерлердің сейсмологиялық зерттеулеріне қатысты, әлеуметтік базалық деңгейді бағалау нәтижелері, сол сияқты селолық жерлерге әлеуметтік инвестиция салу басымдықтары жобалары сияқты мәселелерді талқылауға қатысты.

Ауылдық жерлерде өмірлік белсенділіктердің төмендеуі күн тәртібіндегі өткір мәселе, әсіресе бұл тұрғындары 500-ге жетпейтін кішкентай ауылдарға қатысты. Жастар жоғары білім алғысы келеді, сондықтан да туып-өскен жерін тастап кетуде. Қарашығанақ мұнайгаз секторының дамуы экологияның нашарлауы деген сөз, ал ол өз кезегінде жергілікті халықтың денсаулығына, ауылшаруашылық өнімдері мен мал шаруашылығына кері әсерін береді.

1980 жылдары Қарашығанақ кен орны ашылып (КПО Қарашығанақ кен орнында өз қызметін бастамастан бұрын), пайдаланыла бастаған алғашқы жылдарда қалыптасқан осындай пікір КПО-ның экологиялық жағдайды қатаң қадағалап, бірқатар экологиялық

бағдарламалар енгізіп отырғанына қарамастан жергілікті халықта әлі бар. Осыған жауап ретінде КПО жергілікті қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің белсене қатысуымен, мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтының өкілетті адамдарымен өздерінің өндірістік қызметінің шепке, топыраққа, су көздері мен жергілікті тұрғындардың малдарына әсеріне сараптама (анализ) жасады. Соңғы қорытынды нәтижесі 2010 жылы жария етілетін болады. Экологиялық жағдай нашар деген пікірдегі Березов селосының кейбір тұрғындары жергілікті билікке басқа жерге көшірсе деген ұсыныстарын түсіруде. Бүгінде Қазақстан Республикасына қарсы үш НПО азаматтық сотқа қуыным түсірген, қазір бұл істер қаралу үстінде. Қуынушылар үкіметтің СҚА (СЗЗ) шекарасын өзгерткені және Березов селосы тұрғындарының көшу құқығы жөніндегі шешіміне дауласуда.

КПО өзінің жақын көршілерінен басқа Қарашығанақты Атыраумен қосып отырған тұрба желісі бойында орналасқан елді мекендердің қоғамдық ұйым өкілдерімен осы тұрба желісі олардың аумағынан өтетіндіктен және оны пайдалану барысында туындайтын мәселелер мен проблемаларды тауып, шешу, сол сияқты жергілікті халықты авариялық жағдай туғанда немесе аварияны жою қиында жасалатын әрекеттерден хабардар ету мақсатында ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс жасайды. 2009 жылы КПО-ның тазартылған «Қарашығанақ - Орал» тұрба желісі құрылысының Жобасы тобына жергілікті халықпен жұмыс жөніндегі маман қызметі енгізілді. Бұл маманның міндетінде құрылыс жұмыстары аймағында қалуы мүмкін елді мекендермен қарым-қатынас орнатуда Жоба тобына қолдау көрсету, елді мекен тұрғындарын ашық әңгімеге тарту, оларды қызықтыратын мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Бұдан басқа, КПО жүзеге асыру жергілікті халықтың мүддесіне қатысы бар әрбір жаңа жобаны жоспарлағанда, компания әрқашан жоспарлы жұмысты және оның болуы мүмкін зардаптары туралы ақпаратты жеткізіп отыру, сол сияқты осыған қатысты кез-келген мәселелер мен проблемаларды талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Мұндай қоғамдық тыңдаулар жобаны игерудің әртүрлі кезеңдерінде өткізіле береді. Қоғамдық тыңдаулар жергілікті биліктің көмегімен өткізіледі, ал оны өткізу туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2009 жылы КПО өздерінің жобалары бойынша 4 қоғамдық тыңдау өткізді, оның ішінде 3D форматтында сейсмологиялық зерттеу, қатты өндірістік қалдықтар полигонының құрылысы, IV технологиялық желі мен «Қарашығанақ - Орал» газ құбыры құрылысының екінші фазасы бар.

КПО компаниясы бірнеше жылдан бері «Үміт» - Орал өңірі әйелдерінің Одағы» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобалардың демеушісі болып келеді. Бұл ұйым біздің облыста ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасындағы үздік үкіметтік емес ұйымдардың бірі.

«Үміт» - Орал өңірі әйелдерінің Одағы» ҚБ 1997 жылы құрылды. Қазіргі уақытта бұл одақта Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысы бойынша 1500 астам мүше бар. 2002 жылы «Үміт» - Орал өңірі әйелдерінің Одағы» қоғамдық бірлестігі «Қазақстан Республикасындағы әйел басқаратын үздік үкіметтік емес ұйым» дипломымен марапатталды.

Жақында осы ұйымның мүшелері мен КПО компаниясының қызметкерлері жасалған жұмыстарды талқылап, алдағы күндерге жоспар құру үшін жиналды. Қазіргі кезде одақ КПО Б.В. компаниясының «Патронаттық тәрбие» және «Қызыл алма» атты екі әлеуметтік жобасының орындаушысы болып табылады.

«Патронаттық тәрбие» жобасының негізгі мақсаты облыс тұрғындарының жетім балалар проблемасы жөніндегі әлеуметтік көзқарасына ықпал ету және біздің аймақта жетімдер мен тастанды балаларға отбасылы болу немесе үлкендердің қамқорлығына ие болу мүмкіндігін беретін тиімді жүйені енгізу болып табылады. «Үміт» - Орал өңірі әйелдерінің Одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Б. Райымқұлова былай дейді: «КПО-ның демеушілік көмегінің арқасында біздің жобамыз жеті жылдан бері жұмыс жасап келеді. Егер мемлекеттік патронатта қамқорлық орындары бұл отбасымен айна бұл кездесетін болса, басқа жағдайда патронатты ата-аналардың өз проблемаларымен баратын жерлері жоқ, ал мемлекеттік емес ұйым жүзеге асырып отырған бұл патронат кез-келген уақытта патронатты тәрбие және тәрбиешілік мәселелері бойынша

КПО-ның әлеуметтік жобалары



кәсіби заңгердің кеңесі мен психологтің тегін кеңесін бере алады. Сонымен бірге біздің жоба алдын ала адаптациялық кезеңді де ойластырған. Тәрбиесіне бала алғысы келетін, бірақ ол ойын қалай жүзеге асыруға болатынын білмейтін ата-аналар біздің патронатты тәрбие мектебінен өтулеріне болады. Мен біздің ұйымның атынан КПО-ға компанияның бізден басқа да әлеуметтік маңызды жобалары бар екеніне қарамастан біздің басты демеушіміз болып келе жатқаны үшін алғыс айтық келеді».

«Қызыл алма» жобасы денсаулық жайлы және салауатты өмір салтына байланысты басқа да мәселелер туралы құрмет пен сенімге ие ақпарат көзі. Осы бағдарламаның арқасында біздің ауданның ерлері мен әйелдерінің және

жасөспірімдерінің денсаулықтарына байланысты өздерін толғандырып жүрген сұрақтарға құпия жауап алу мүмкіндіктері бар. «Қызыл алма» ыстық желісі жұмысының негізгі мақсаты денсаулық отбасын жоспарлау және басқа да салауатты өмір салтына қатысты мәселелер бойынша тегін және анонимді ақпарат беру болып табылады.

«Қызыл алма» ыстық желісі жұртшылыққа отбасын жоспарлау, жүкті кезіндегі, босанғаннан кейінгі уақыттағы кезең, жаныстық жолмен берілетін жұпалы аурулар, климат, анемия және басқа да мәселелер бойынша ақпараттар беріп, денсаулықты сақтау бағдарламасын жүзеге асыруға өз үлесін қосуда.

Жұртшылықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін «Қызыл алма» ақпараттық

қызметтің ыстық желісі Ақсай қаласы мен Бөрлі ауданында демалысыз 17.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс жасайды. Кеңес алғысы келгендер Ақсай қаласындағы ыстық желі операторларының мына телефондарына хабарласа алады: 31-5-51, 34-5-05. Бұдан басқа, дәрігерлер сәби күндері Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан селолардың тұрғындарымен кездесуге барады.

Ыстық желіде жұмыс жасайтын операторлардың барлығында да жоғары білімдері, акушерлік-гинекологиялық мамандықтары бар, кісімен қарым-қатынас дағдыларын меңгерген. Операторлар жұртшылыққа халықаралық стандарттар негізінде ақпараттар бере алуы үшін үнемі оқу өткізіледі, әртүрлі фармацевтикалық фирмалардың өкілдері - маман дәрігерлермен кездесу ұйымдастырылып отырады.

Телефон қызметінен басқа, жоба шеңберінде тұрғын халық арасында үлкен қоғамдық жұмыс жүргізілуде. Ақпараттық қызмет дәрігері В.Л.Юн былай деп атап көрсетті: «Ақпараттық қызметтегі 5 жыл ішінде аборттар мен тастанды балалардың саны, 18 жасқа дейінгі босанып қалу азайды (АОА мөлiметi бойынша). Ай сайын ыстық желіге 30-ға жақын қоңырау соғылады, көбіне қыздар мен әйелдер сақтану тәсілдері жайлы сұрайды. Жазғы уақытта ауылдарда жүкті әйелдер мектебі ашылған, онда осы қызметтің дәрігерлері болашақ аналарды қарап, оларға тегін кеңес береді».

Осы жобаны жүзеге асыра отырып, КПО компаниясы мен «Үміт» - Орал өңірі әйелдерінің Одағы» қоғамдық бірлестігі тұрғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған ана болуды қауіпсіздендіру ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға өз үлесін қосып келеді.